



2025 жылғы «13» 01

нқ № 18

«13» 01 2025 года

**«2024-2025 оқу жылында мектеп
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтуды ұйымдастыру туралы»**

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы және «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамту және оны тиімді ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024 - 2025 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында 1 - 11 класс жетекшілері мен олардың ата-аналары арасында ұйымдастыру, түсінік жұмыстары жүргізілсін.
2. Бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 1 – 4 кластар жаппай (330 – оқушы), 5 - 11 класс бойынша (36 – оқушы) аз қамтылған отбасы оқушыларына тегін ыстық тамақ, бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылсын.
3. 1 - 11 класс оқушыларының тамақтануын ата-аналар есебінен ұйымдастыру 1 - 11 класс жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Оқушылардың ыстық тамақ және қоғамдық тамақпен қамтылу кестесі №1 қосымшаға сәйкес құрылсын.
5. Оқушыларды тамақтандыру Ақтөбе қаласының білім бөлімі 2024 - 2025 оқу жылына бекіткен және Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісімделген перспективалы ас мәзірі негізінде ас мәзірге сай дәмді әрі сапалы дайындалуын қадағалау, шығымын күнделікті тексеру диетолог М.Сарсеноваға жүктелсін.
6. Тамақтану залында бекітілген мәзірдің күн сайын ілінуі, тамақтың ассортимент тізбесі мен сапасы, бағасының нормаға сәйкестігі асхана қызметкерлеріне жүктелсін.
7. Асхананы қажетті құралдармен қамту жұмыстары мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары А.Алиеваға тапсырылсын.
8. Жеңілдіктерге ие отбасы балаларына және 1 – 4 кластарға жаппай ыстық тамақ беруге бөлінген қаржының мерзімінде игерілуі бас бухгалтер міндетін атқарушы А.Ж.Ажигалиевке тапсырылсын.
9. 1 - 4 класс оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету және осы бағыттағы жұмыстарды бір жүйеге келтіру бастауыш класс мұғалімдеріне тапсырылсын.
10. Мектептегі жеңілдікке ие отбасы балаларын тегін ыстық тамақпен қамту барысын, ас мәзірінің сақталуын бақылау және оқушылардың тізімін жасақтау әлеуметтік педагог С.К.Докинаға міндеттелсін.
11. Осы бұйрықтың орындалуы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Ш.Сарсенбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.С.Нукусова